

«АЛАШ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ САЯСИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ

¹Нұрышева Г.Ж., ²Тайженбетова А.Б.*

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹gulzhikhan-nuryшева@yandex.kz, ²aigul.bizhanovna@mail.ru

¹Nuryшева G., ²Taizhenbetova A.*

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹gulzhikhan-nuryшева@yandex.kz, ²aigul.bizhanovna@mail.ru,

Аңдатпа. Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси, мәдени-рухани мұрасы саяси-философиялық ойдың бір бағыты ретінде қарастырылып, талданады. Қазақ интеллигенттерінің қоғамдық сананы заман талабына бейімдеу және жаңғырту жолында қалыптастырған ұлттық-идеологиялық қызметі зерделенеді. Мәселен, «Алаш» сөзі саяси қозғалыстың жалқы атауы ретінде ғана қарастырылмай, оның философиялық маңызына, астарына үңілу арқылы терең мазмұнын ашуға қадам жасалды. Сол секілді, өткен ғасырдағы Түркістан Республикасын құру бастамасы мен оны жүзеге асыру процестері қазақ зиялыларының пайым-толғаныстарының жемісі тұрғысынан тұжырымдалып, олардың саяси-философиялық ойының даму эволюциясына назар аударылды. Сондай-ақ, социализм идеологиясын қабылдаған қазақ интеллигенциясының пайымдары мен социалистік дүниетанымының тарихи рөлі сараланды. Қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерінің идея өндіруші рөліне маңыз беріліп, олардың ой-тұжырымдары мен қызметі талданды. Сонымен бірге, өткен ғасырда бірнеше саяси-философиялық бағыттың дамуы қазақ қоғамындағы саяси плюрализмнің ерекшеліктерін көрсетеді. Тақырыпты зерделеу арқылы XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси процестер қарама-қарсы күштер мен топтардың күресі ғана емес, мақсатты көзқарастар мен идеялар жүйесінің текетіресі болғандығына көз жеткізілді. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы саяси-философиялық ойдың даму үрдістері тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық-саяси оймен сабақтастыра зерттелді.

Түйін сөздер: Алаш, ұлттық идея, Түркістан Республикасы, саяси-философиялық ой, қазақ интеллигенциясы, социализм, қоғамдық-саяси үдерістер, саяси жүйелер.

Кіріспе

XX ғасыр басында саяси құрылымдар бір кезеңнен екіншісіне өтіп, қоғамдық өмір күрделі өзгерістерге ұшыраған кезде қазақ интеллигенциясының

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

*Автор-корреспондент - Тайженбетова А.Б. aigul.bizhanovna@mail.ru,

көзқарастар жүйесі де саяси-философиялық, идеологиялық-қондырмалық, әлеуметтік-экономикалық ұстанымдар мен тұжырымдамалардың жүйесінен тұратын бірнеше бағыттарда көрініс таба бастады. Олардың бәрі де мемлекетшілдік, ұлттық сипатта болса да, мемлекеттік басқару жүйесі үшін идеологиялық қондырма қандай болуы тиіс, қазақ қоғамы қандай саяси тәртіпте өмір сүруі керек деген мәселелерде олардың көзқарастары бір-бірінен айрықшаланды. Осы кезеңдегі қазақ интеллигенттерінің таным-таңдауы мен саяси-философиялық көзқарастарының жүйесін талдай отырып, қоғамда үш үлкен саяси-философиялық бағыттың қалыптасқанын айтуға болады. Біріншісі, рухы ұлттық, сипаты батыстық өмір-салт элементтерінен тұратын ұлттық «Алаш» автономиясын құруды басты мақсат ретінде ұстаған ұлттық-демократтар мектебі (жетекшілері Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б.). Екіншісі – қазақ қоғамының бақытсыздық, кедейлік, надандық тұсауынан шыға алмауы феодалдық қатынастармен байланысты деп есептеп, оларды жоюды мақсат еткен, таптардың теңдігі тұжырымына иек артқан социализмді жақтаушылар тобы (өкілдері Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин және т.б.). Үшіншісі – түркі халықтарының бірлігін, мемлекеттік құрылыстың федерациялық форма түрінде болуын мақсат еткен, түркілердің саяси қауымдастығын қайта қалпына келтіруге тырысқан Түркістан мемлекетін құруға ұмтылғандар (жетекшісі М. Шоқай және т.б.). Үшінші топ өкілдерінің дені демократиялық принциптерді жақтаушылар болғандықтан, олардың қоғамдық-саяси қызметі «алаштықтармен» бір арнада дамып, бірнеше жерде байланысып отырды. Бұл бағыттар XX ғасыр басында Қазақстандағы саяси-философиялық ойдың даму желісін, бағытын көруге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси процестер саяси-философиялық ойдың даму нәтижелері тұрғысынан қарастырылғандықтан зерттеуге қатысы бар мәтіндер, қазақ интеллигенциясының саяси ойлары мен ұстанымдары терең пайымдауды, олардың астарына үңілуді қажет етті. Сондай-ақ, аталған кезеңдегі қолданыстағы саяси ұғымдар жиынтығындағы жекелеген атаулардың этимологиясына философиялық талдауға ұмтылыс жасалды. Тұжырымдамалар саяси-философиялық ойлар контекстінде қарастырылғандықтан, тарихи деректердің хронологиясына емес, олардағы ойдың даму логикасына, оқиғаның әлеуметтік-саяси себептеріне, философиялық мазмұнына, ұлттық рухты қалыптастыру мен оятудағы маңызына мән берілді. Сол себепті өткен ғасырдағы тарихи оқиғалардың үрдісі қандай да бір ойдың даму желісі ретінде түсіндіріліп, саяси-философиялық ойдың біртұтас сипатын қалыптастыруға талпыныс жасалды.

Мақалада тарихи-салыстырмалы талдау, логикалық бірізділік, философиялық талдау, философиялық шолу түріндегі әдіс-тәсілдер қолданылды.

XX ғасыр басындағы қазақ даласындағы саяси-философиялық ойдың даму үрдістері

Мемлекет құрылысына қатысты қазақ интеллигенциясының іс-әрекеттері бізді өткен ғасырдағы Қазақстанның саяси өміріндегі талас-тартыстар мен

күрестердің, философиялық дилеммалардың қандай арналарда дамығаны туралы ойға жетелейді. Саяси және философиялық ой-өрістің көлемі мен деңгейіне назар аударсақ, олардың бәрі де сауатты, мазмұнды және ұлттық рухқа толы. Әр идеяның астарында оның өзіндік шындығы, өмірге үйлесетін ақиқаты мен қисыны бар. Оларға зерттеу жасай отырып, тарих ұсынған қысқа ғана кезеңде қазақ интеллигенттерінің мемлекеттілік идеясы үшін жойқын қарсы күшке төтеп бере отырып, пайымдаушылар ғана емес, өз идеяларын қорғау және жүзеге асыру жолындағы саясат майданда аянбай күрескен тұлғалар болғанын көреміз.

Аталған топтардың ортақ жақтары – ағарту ісімен айналысуы және ұлттық мүддені жоғары қоюы. Ел мен жерге қатынасына және жалпы мазмұнына қарай оларды ұлттық патриоттар мен социал патриоттар және «тұраншылар» немесе «түркістаншылар» деп жіктей аламыз. Ұлттық патриоттар отанды ешбір субъектімен бірлікте қарастырмайды, оны жеке-дара, тұтас бір дене ретінде, әлеуметтік-таптық белгілері бойынша бөліп-жармай қабылдайды. Қазақстанның бүгінгі мемлекеттік егемендігі, нақты шегенделген шекараларының мызғымас-тығы, бір-бірінен бөлінбестігі теориясы сол кезде айтылып, көтеріле бастайды. Алаштықтар ұлттың тілі, діні, ділін және басқа да рухани құндылықтарын сақтау жолында еңбек етіп, қандай да бір мәдени экспансияға, саяси отаршылдыққа қарсы күрес жүргізді. Сол себепті, ұлттық патриоттардың мақсат-жоспары бірнеше жылдар бойы тәуелсіздік үшін патшалық Ресей империясына қарсы күрес жүргізген бабалардың арман-аңсарымен үндесіп, Тәуелсіз Қазақстанның дербестігіне қол жеткізген бүгінгі ұрпақтың ұстанымымен сабақтаса байланысқан. Олай болса, алаштықтарды егемендік үшін күресуші буын ғана емес, тәуелсіздік идеясының байрағын өткен мен келешек арасында жалғаушылар деп бағалаған жөн. Бүгінгі күні Алаш мұрасына қызығушылықтың артуын тәуелсіздіктің құнын түсінушілердің санының артуымен байланыстыруға болады деп ойлаймыз.

Социализмидеологиясын қолдаушылар қоғамды таптық біріктіру тұрғысынан қарастырып, әділдік, еркіндік, теңдік индивидтердің арасында экономикалық теңдік орнағанда ғана пайда болады деп пайымдады. Қазақ қоғамында ұзақ жылдар бойы орныққан феодалдық-капиталистік қатынастардың тек зардаптары туралы айтылып, олар қоғамның төменгі табына қатысты коммуникацияны шектеу, шеттету формасында жүзеге асырылды деп саналды, сондықтан социализм ұсынған теңдік идеясы бұл екінші топтың көзқарасына сай еді. Социал-патриоттар Қазақстанды социалистік республикалар бірлестігі құрамында көрді және социализм идеалдарына сенді, оны орнату, құру ісіне белсенді қатысты. Большевиктердің ұлттардың теңдігі, мәдени дамудың тең деңгейі туралы уәдесіне сенім артып, Қазақстан басқа да кеңестік республикалар секілді КСРО құрамында жоғары дамыған өркениетке қол жеткізеді деп пайымдап, «халықтар достығы» ұранын жырлады. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің «Советстан» өлеңі ақынның социализмге көзқарасын айқындайды. Алайда социализм идеясын ұстанушылар кейінірек ұлттың кеңестер құрамында жұтылып кетуінен қауіптеніп, кейбір жерлерде олардың социалистік риторикасы ұлттыққа ауысып отырды. Ескере кететін ерекшелік – қазақ интеллигенциясының социализмді қолдаушылар тобының басым көпшілігі әлеуметтік-экономикалық негізі төменгі таптан шыққан азаматтардан тұрды. Бұл олардың социализм идеологиясын оң қабылдауына әсер еткен негізгі фактор деп ойлаймыз.

«Үлкен Түркістан» идеясының төңірегіне шоғырланғандар орыс отаршылдығына этникалық және рухани негіздері бір түрік жұрты болып қарсылық білдіру керек деп тұжырымдады. Мұндай идеяның бастауында ескі түркі тарихындағы Қытайға қарсы әскери тең деңгейге қол жеткізуге ұмтылған біріккен түрік қағанаттарының тарихи тәжірибесі тұрды деп ойлаймыз. Шындығында, бірнеше жылдарға созылған отаршылық езгіден зардап шеккен түркі халықтары рухани-моральдық, экономикалық тұрғыдан әлсіреген еді. Сол себепті, «Үлкен Түркістан» идеясының өмірге келуінің өзі негізсіз емес. Біздің пікірімізше, сол кездің өзінде халық арасында дін өкілдерінің қарсылықтарының артуы, түркі халықтарының арасынан шыққан саяси қайраткерлердің бірлесе қызмет атқаруы Түркістан мемлекетін құру идеясын күшейте түсті. «Үлкен Түркістан» идеясы алып империяға қарсы және онымен тең деңгейдегі саяси және әскери күшке, тәуелсіздікке тек түрік мемлекеттерінің одағы арқылы жетуге болады деген пайым-түсінік негізінде дүниеге келді деп ойлаймыз. Түркістан мемлекетінің құрылысы унитарлы мемлекет формасында емес, түркі халықтарының одағы ретінде ғана өмір сүруі мүмкін еді.

XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясының арасында қызметімен ерекшеленген тағы бір топты байқауға болады. Өмірлік ұстанымдарын, саяси көзқарастарын дер кезінде өзгерте білген бұл оқымыстылар алғашында ұлттық патриоттар қатарында болып, қалыптасу кезеңінен өтеді де, таным-көкжиегі кеңейіп, тараптардың тең еместігіне және тарихи үдерістерге байланысты екінші тарапқа – социал-патриоттар лагеріне қосылды. Қазақ интеллигенциясын осылай жіктеу арқылы олардың дүниетанымын, күрескерлік ерік-жігерін, азаматтық позицияларын, саяси-философиялық пайымдарының бір-бірінен қаншалықты ерекшеленгенін көрсете аламыз. Сондай-ақ, мұндай икемділік олардың кәсіби саясаткерлік қырын да аша түседі.

XX ғасыр басындағы саяси-философиялық ойдың даму бағыттарын қысқаша жіктей келе Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ интеллигенттерінің саяси-философиялық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени идеяларының жүйесін білдіретін және оларды бір платформаға сыйғызып, топтастыратын «Алаш» атауының қолданысы, оның бір ғана атау өлшемінен шығып, толық бір саяси бағыттың синониміне айналу онтологиясы қызықтырады.

Жалпы XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси идеялар қазақ халқының өткен тарихымен тамырласып жатқанын аңғаруға болады. Себебі, өткен ғасырдағы интеллигенция өкілдері идеологиялық қондырмаларды анықтап, әзірлеу барысында халық өміріндегі озық үлгілер мен дәстүрлерді негізге алды деп пайымдаймыз. Осы тұста, олардың жақсы тарихшылар болғанын атап өту маңызды. Кез келген оқырман олардың шығармашылығынан қазақ елінің тарихына қатысты мәтіндерді, өлең жолдарын оңай таба алады. Қазақ зиялыларының ойлау жүйесіндегі бұл ерекшеліктер олардың қоғамдық-саяси қызметінде жарыққа шығып, білініп отырды. Саяси қозғалысты құрушылардың өзіндік құндылықтар жүйесінің біртұтас платформасын айшықтаған «Алаш» тарихи атауын жұртшылықтың қабылдауының өзі алдымен олардың тарихи жадына қозғау саларлық қуатқа ие болғандығынан деп санаймыз.

«Алаш» ұлттық идеясы

Қазақ халқының қоршаған ортаны қабылдау, болмысты пайымдауы тарихқа, ата-баба дәстүріне адалдықтан тұратынын, оған сай келетінін аңғарған қазақ зиялыларының өздерінің саяси қозғалысының атауын тарихи негізде шақырушы, ұран мәнін білдіретін «Алаш» деп қоюы халықтың осы ерекшелігін жете түсінгенінен деп білуіміз керек. Қазақ тарихында мемлекеттілікке зиян келтіріп, оны іштен әлсіреткен факторлардың негізгісі халық жадында әр уақытта жаңғырып отыратын рушылдық сана Алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси миссиясына кедергі келтіріп, оны жүзеге асыру жолын қиындатқан мәселелердің бірі болды. Қазақ автономиялы республикасын құру тек саяси ұйымдастырушылық іс-қимылдарды ғана емес, халықтың ортақ идея төңірегіне бірігуін де қажет етті. Қазақ қоғамында рушылдық сананың мемлекетшілдіктен асып түсуі көп кездеседі. Оны қуаттап отыратын салт-дәстүр, жөн-жоралғылардың күнделікті тұрмысқа мықтап орныққаны сонша, олар рулық-тайпалық намыс жанжалдарға, қақтығыстарға әкелетін. XX ғасырдың басында елді рушылдық санадан жоғары, ұлттық деңгейде ұйымдаса алатындай мәнге ие идеологиялық қондырма іздестірілді. Осы мәтіннен соң қазақ интеллигенттері оның жауабын қайдан іздеді деген сауалға оңай жауап беруге болады. Әрине, тарихтан іздеді. Қазақтардың «тарихтың мүлт кетпестігі» қағидасына адалдығын қазақ оқымыстылары жақсы пайдалана білді. Ұлттық деңгейден жоғары, бір кездері толық бір ұлысты тану үшін қолданылған «Алаш» атауы идея ретінде кездейсоқ таңдалған жоқ.

«Алаш» сөзінің этимологиясына қатысты академиялық ортада әртүрлі тарихи деректер мен тарихшы-әдебиетші мамандардың көптеген пікірлерін кезіктіруге болады. Олардың ішінде жан-жақты талданған, кең түсіндірме берілген нұсқаларды да көреміз, керісінше, аңыз-әпсанаға жақын, мән-маңызы айқын еместері де бар. Дегенмен, солардың барлығының түбінде бір ақиқаттың бар екенін, олардың мазмұндары бір қойнауға жетіліп, түзілгенін аңғара аламыз. Берілген түсініктемелерді талдайтын болсақ, бірінші мағынасында адам аты толық бір ұлысқа атау болып таңылады. М.Х.Дулати (1499-1551), В.В. Радлов (1837-1918), П.И.Рычков (1712-1777), А.И.Левшин (1798–1879), Ш.Уәлиханов (1835-1865), Ш.Құдайбердіұлы (1858-1931) және басқаларының жазбалары осыған саяды. Алаш, Алаша, Алшынның хан, батыр болғандығы, оның тұсында барлық түркі тайпалары, басқа нұсқада қазақ тайпаларының бірлігі бекем, әскери қуатының зор болғандығы айтылады. Екінші мағынасында ол күрделі сөжжасам, буындардың ықпалынан шыққан сөз туындысы ретінде қарастырылады [1].

Бірінші нұсқаны жеткізушілердің ертеректе өмір сүргенін назарға ала отырып, ол жазбаларды ақиқатқа бір табан жақын деп қабылдау қиынды. Әсіресе орыс тарихшысы П.И.Рычковтың «Нұх пайғамбардың Яфет деген баласынан Түрік туады. Оның бесінші ұрпағы Аламзя (Алаша) хан болған. Одан моңғол-татар тарайды. Екеуі бір халық болған. Өзара ұрыс-керістің нәтижесінде Өгіз ханның кезінде бөлініп кеткен. Шыңғыс хан ғана оларды қайта біріктірген» [2] - деген пікірі назарға алуға тұрарлық.

Жинақталған анықтама, ережелерден түркі халықтарының ортақ тарих, ортақ кеңістік, ортақ географиялық алаңда өмір сүріп отырған кезеңдеріндегі тұтастығын білдіретін халықтық атауы «Алаш» болған деген ортақ түсінік теория деңгейіне

көтерілген деуге болады. Мәселен «Айбын» энциклопедиясында «Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда түрік халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы» [3, 55 б.] – деген түсіндірме берілген.

Алаш қайраткерлері де бұл этноним төңірегінде ойларын ортаға салып, тарихқа шолу жасады. Әлихан Бөкейханов былай дейді: «Қалмақты шаба берген соң қалмақтар Ахметханды Алашы қойыпты. Мағынасы – хан Алаш дегені. Оны естіген соң Ахмет хан: қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді шапқанда Алашылап шабындар деген соң қазақтар: «Алаш» деп шауып, сол қазаққа ұран болыпты» [4, 332-333 бб.].

Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетіне жазған мақаласын қарасақ, ол «Алаш» атауының мағынасын аша түсуді әрі қарай жалғастырады: «Қазақтың «Алаш» атанған хиджретден (Мұхаммед Әлейх ас-Саламның Меккеден көшіп Мәдинеге барып кірген күнінен – т.б.) алты жүз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мемлекетін төрт баласына бөліп бергенде, Дешті қыпшақты, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рулы ел бар еді. Сол алты рудың һәр қайсысына бөлек Шыңғыс алты ұран береді: һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш, қос береді. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің лұғат мағынасы: «отан кісі» («отечественник» – т.б.) деген сөз болады.

Сол күнде Жошы ханға «Алаш» деп лақап қойылды. «Алашы – алаштың басшысы» («голова отечества» – т.б.) мағынасында болады. Қазақтың «Алаш Алаш болғанда; Алаш хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған» [5].

Әлихан Бөкейхановтың «Алаш» атауына байланысты «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласында басымдық беріліп тұрған нұсқа мен орыс тарихшысы П.И.Рычковтың көзқарастары жақын деуге болады. Біздің ойымызша да ерте түрік қағанаты заманында «Алаш» атауы кездеспейді, оны отандық тарихшылар да құптап отыр. «Алаш» атауының Шыңғыс хан дәуірінен соң қолданысқа түсе бастағанын жоғарыдағы деректер дәйектей түседі.

Сонымен, қазақ зиялыларының арасында ұлттық-демократтардың саяси қозғалыс атауына ерекше ден қойғаны – Әлихан Бөкейханов. Оның партияның көшбасшысы ретіндегі бүліс-әрекеті қисынды да. Партия жетекшісінің зерттеулерін талдасақ, қазақ қоғамының әрі қарай ықпалдасуына оң әсерін тигізе алатын саяси-философиялық мазмұн іздегендігін тұспалдауға болады. Себебі «Алаш» ұлттық идеясының дүниеге келуі қазақ интеллигенттерінің қоғамдық-саяси қызметімен байланысты саяси-философиялық ойларының тұжырымдамасы, тарихи пайымының нәтижесі ретінде көрініс тапты. «Алаш» атауының «Алаш» саяси партиясы мен «Алашорда» үкіметінің атына таңылуынан келесі құндылықтарды тарқатып көрейік. Біріншіден, «Алаш» – барлық қазаққа ортақ ұғым, барлық рулардың намысы мен жігеріне қозғау салатын, бір кездегі түркілердің құдыреті мен ұлылығын халықтың жадында жаңғырта алатын қуатты атау. Екіншіден,

интеллигенция өкілдерінің қазақтың әруақты, арқалы ұраны «Алашты» саяси қозғалысының атауы етіп тағайындағандағы мақсатының бірі – көпшілік үшін ортақ құндылықтар тасымалдайтын атауды жұртшылыққа оңай қабылдату, солай саяси қозғалыстың мәртебесін көтеру еді. Үшіншіден, мемлекеттің қалыптасу жолында ішкі интеграцияны күшейтетін, рушылдықты мемлекеттік санаға ауыстыру бастамалары көзделген болуы мүмкін. Соңғысы бүгін де өзектілігін жоймай отыр және ол кеңістіктің орнын толтыратын құндылықтар жүйесі әлі де ұсынылмады деуге болады.

Тарихи және ауызекі әдебиетіндегі деректерде «алты алаш», «алты сан алаш» деген сөз тіркестері кездеседі. Шежірелердің бірінде «Алашқа» өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғай жатқызылған [6]. «Алаш» бірнеше түркі тайпаларын жинақтап, толық бір ұлысты атау үшін қолданылды деген жорамал жасауға болады. Сондай-ақ, бірнеше авторлар өз еңбектерінде «Алаш» сөзін «қазақ» атауының орнына қолданады. Дегенмен, «Алаш» партиясының бағдарламасында қандай да бір түрік республикаларының бірлестігін құру туралы ой айтылмайды. Сондықтан, қазақ зиялыларының «Алашы» қазақ халқының ұйымдасып біртұтас ел болуын көздеген ұғым орнына қолданылды деп санаймыз.

Әрі қарай, «Алаш» ұлттық идеясы қазақ интеллигенциясын қанша уақыттан бері толғандырды деген сауал туындайды. Олардың қоғамдық-саяси іс-қимылдарының тұжырымдалған көрінісі 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан бастау алады деп есептесек, алаштықтар саяси-философиялық ой-пайымдарына қандай да бір форма беру ісімен ертеден қамданған деген ойға келеміз. Патша үкіметінде қызмет атқарған Барлыбек Сырттановтың өмірінің соңғы бөлігінде Әлихан Бөкейхановпен кездескені, олардың елдің өміріне байланысты пікір алысқандығы, ойларын бөліскені туралы деректер келтіріледі. Барлыбек Сырттановқа Ресей империясының басқыншылық саясаты ұнамағаны белгілі. Бұл белгілі бір деңгейде оның қоғамдық қызметіне әсер етеді. «1910-1914 жылдары «Айқап» журналына «С. Б. Алашинский» деген бүркеншек атпен озық ойлы материалдарын шығарып тұрған. Ал осының бірден-бір айғағы ретінде 1910-1913 жылдар аралығында құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі отарынан шығарып, тәуелсіз Республика мәртебесі бар мемлекет құрудың бас құжаты ретінде «Қазақ елінің Уставын» жазады, жарғының соңында, 13 июнь, 1911 жыл С. Петербург. С. Б. Алашинский деп қолы қойылған» [7]. Көріп тұрғанымыздай, «Алаш» атауы алғаш рет 1910 жылдан бастап қазақ интеллигенті Б.Сырттановтың бүркеншек аты арқылы естіледі. Кейін 1913 жылы Қазақ газетінде «Алаш» тақырыбына байланысты Әлихан Бөкейхановтың зерттеу мақаласы жарық көреді. Алайда қандай да бір саясатқа сілтеме жасамастан, тарихи тақырыпты терең зерттеу дұрыс болып көрінеді. Осы кезеңдерді «Алаш» ұлттық идеясының кемелдену шағы деп белгілеуге болады. Егемендік алу мен саяси қозғалыс туралы ойлар жетіле келе өздерінің саяси платформасын орнықтыру үшін тарихтан ыңғайлы бір сәтті күткендей. Ол сәт самодержавие құлап, орнына жаңа уақытша үкімет орнаған шақпен тұспа-тұс келеді. Қазақ зиялыларының 1917 жылы бірден саяси қозғалыстарын жариялап, саяси аренаға тиянақты, жинақы ұйым ретінде шығуы олардың пісіп-жетілген саяси-философиялық ойының нәтижесі деп білеміз.

Мұстафа Шоқай және Түркістан идеясы

XX ғасыр басындағы Қазақстанда пайда болған саяси-философиялық ой бағыттарының бірі – Түркістан автономиялық республикасын құру бастамасы болды. Мазмұндық жағынан алғанда бұл «Алаш» ұлттық идеясымен тамырлас, бір қайнардан өсіп-жетілген ой секілді болып көрінеді. Жоғарыда тоқталғанымыздай, «Алаш» атауының түсінігі бірнеше түрік тайпаларын ұлыстық деңгейге көтерген ұғым ретінде баяндалады. Сондықтан тарихта бірнеше жүз жылдарға созылған түріктердің Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың күн тәртібін белгілеуден бастап геосаясаттың бағыт-бағдарын айқындаушылық рөлі сақталып келген уақытта атаудың қайта жаңғырып, оның алаңында Түркістан автономиялық республикасын құру идеясының жандану мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. «Алаш» саяси қозғалысы мен Түркістан автономиялық республикасын құрушы көшбасшылардың арасындағы жақын байланыстар мен келісімдер, екі ұйымның да бір уақыт арасында саясат сахнасына келуі осылай пайымдауымызға жол ашып отыр. Алаш автономды республикасы Түркістан автономды республикасынан екі апта өткен соң, 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынбор қаласындағы жалпықазақ съезінде жарияланғанына қарамастан, жоғарыда баяндағанымыздай, «Алашорданың» қалыптасу процесі, оны құрушы интеллигенция өкілдерінің «Алаш» идеясын ортаға салу іс-әрекеттері ерте басталды. Қазақстандағы саяси үдерістер осы жерде туып-өскен, Ташкентте жоғары білім алған сауатты, оқымысты, мәмілегер, амбицияға толы саясаткер, кейін Түркістан автономды республикасының жетекшілерінің бірі болған Мұстафа Шоқай сынды қайраткерлердің қоғамдық-саяси қызметіне әсер етуі мүмкін деп болжаймыз. Мүмкін оның өзі бұл идеяны қорытып, өз ішінде байытып алған соң түркішіл ортаға шығарған болар, бірақ қазір оның анығын айту қиындау.

Қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан шекараларының белгілі бір жер көлемінде құрылған Түркістан автономиялы республикасының тағдыры өте қысқа болғанымен, бізге оның құрылуының алғышарттары мен ішкі себептері маңызды. Оның негізінде рулық, тайпалық, ұлттық шеңберден шығып пайымдау, биік мақсаттың жатқандығы назар аудартады. Түркістан идеясы сонысымен мықты, осы ерекшелігімен назар аударуға тұрарлық. Бүгінгі күні қайта көтеріліп жүрген «Түрік дүниесі», «Тұран» идеяларының негізі XX ғасырдың басында Мұстафа Шоқайдың отаршылдық саясатқа қарсы қойған саяси-философиялық пайымдарының негізінде қаланды деп сенімді түрде айтуға болады. «Үлкен Түркістан», «Тұран» идеяларының дәнегін Мұстафа Шоқай Түркияда саяси эмиграцияда жүргенде әрі қарай дамытып, «Иени Түркістан» журналында қоғамдық-саяси ойларын жариялау арқылы Түркия түріктерінің арасында жақтастарын табады. Осы күні түрік академиялық ортасында «Түрік дүниесі» идеясын көтеруші түркішіл зерттеушілер арасында Мұстафа Шоқайдың мұрасына қызығушылық көлемінің артуы да соның дәлелі.

Мұстафа Шоқайдың саяси-философиялық ойының эволюциясына ден қоятын болсақ, Түркістан автономиялы республикасының құрылу себептерін түсінуге болады. Мұстафа Шоқайдың «ұлт» туралы түсінігі қызықты. Мұстафа ұстанымында Түркістан Республикасы тілі, діні, ділі бір халық, оны бір-бірінен ажыратып қарамайды. Ол қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ және басқаларын

«түрік» ұлты деп атайды. Сол түрік ұлтының еркіндігі мен бостандығы үшін күрес Түркістан Республикасын құру идеясына ұласады. Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арналған сөзінде: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түрікменстан һәм Тәжікстан деп жат үкімет күшін алты жұмһуриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір». «...Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы» дейді. Мұстафа Шоқай өзінің саяси күрескерлік өмірін арнаған Түркістан идеясының қазығы – тарихи «түрік» ұлты еді деген тұжырым жасауға болады. Ол түбі түрік Орта Азия халықтарының ортақ этногенезі мен ұқсас антропологиялық негізіне сүйене отырып, XX ғасырда «түрік» ұлтын өзінің атамекенінде қайта жаңғыртқысы келеді. 1929 жылы «Яш Түркістан» журналының №1 санында жарық көрген «Біздің жол» атты мақаласында «Біз, Түркістан Тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз» [8, 1-4 бб.] дейді. Мұстафа Шоқай бір аймақта өмір сүріп отырған түрік этностарын «Түркістан жұрты» деу арқылы оларға бір халық атауын беруге тырысады. Түркістан идеясының барлық түрік жұртының тарихи отаны қазіргі Қазақстан жерінде пайда болып, дамуы заңды құбылыс және оның құндылығы қазір артып келеді.

Түркістан Республикасын құру идеясының тағы бір қыры – славянофилдік алып Ресейге түрік бірлестігін қарсы қою арқылы отаршылдық саясатқа төтеп берудің көзделуі. Әскери және экономикалық жағынан алпауыт кеңестерден жекелеген ұлттардың автономия алуы мүмкін емес деп қарастырылды. Түркістан идеясының басында тұрған жәдидшілдік бағыты өкілдерінің бір сыпырасы осы идеяны қостады. Түркістан идеясының өмірге келуіне жәдидшілердің ықпалы туралы ойлар айтылып жүргендіктен, мақала көлемінде оған тоқталуды жөн көрмедік.

Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің «түземдіктерге» қатысты ұстанымдарында шовинистік, империялық пиғылдан танбайтындығын, өңірлерге автономия беру мәселесі уәде күйінде қала беретінін ерте түсінді. Бұл оның кеңестерге қарсылық сипаттағы күресін нығайта түсті. Түркістан автономиялы республикасын құру идеясы уақыт өте келе географиялық сипатын кеңейтіп, басқыншылық саясатқа қарсы барлық халықтарды біріктіру қажет деген ойға ұласады. Ол эмиграцияда жүрген кезінде түрік, грузин, украин, кавказ халықтарының белсенді өкілдерімен байланыс құрып, қарсылық шебін жан-жақтан күшейтуге кіріседі. 1931 жылдың 16 қазанда Поляк Бас штабының париждік резиденті Г.Роллинге арналған хатында «Бізге қарсы жүз миллиондық ұлы орыс халқы тұр. Оның ұлттық үстемдігіне қарсы күресті біз барлық «шет аймақтар» кавказдықтар, украиндық және басқалар тығыз байланыста ғана жүргізуіміз керек. «Интернационаландыру» тек осы мәнде маңызды және сөзсіз қажет. Ол іске асатын жұмыс және біз оны ұйымдық жағынан жүзеге асырамыз...»[9, 291-292 бб.] деп жазды. Бұл Мұстафа Шоқайдың Түркістан идеясына халықаралық сипат беруге тырысқандығын, Түркістан идеясы өмірінің барлық мәніне айналғандығын көрсетеді.

Түркістан автономиялық республикасының өмірінің тым қысқа болғандығы оның жетекшілерінің әлсіздігінен немесе бағдарламасы мен тұжырымдарындағы қандай да бір кемшіліктерден деген ойдан аулақ болған абзал. Біздің ойымызша,

патшалық құлағаннан кейін орыс империясының территориясында жеке автономия құру бастамалары мен большевизмді мойындамау, түркілік мемлекеттер қарсылығының жер-жерде орын алуы большевиктерді қатты алаңдатқан, тіпті отар елдерді қолдан шығарып алу қаупін еселеген сияқты. Патша үкіметі биліктен тайдырылғаннан кейін Түркістан автономиялы республикасының құрылуымен бірге Башқұртстан, Татарстандағы жалпы мұсылман съездерінің ұйымдасуы, Қазақстанда Алаш үкіметінің орнауы секілді саяси мәндегі бастамалардың тізбектеліп кете беруі сырт бақылаушыға отаршылдық саясатқа қарсы үлкен саяси күштердің пайда болғанын дәлелдегендей.

Шындығында советтер «өз аймағындағы» мұндай үдерісті пантюркизм идеологиясының кең таралуы ретінде қабылдады. Түркістан автономиялы республикасын жоюды алдымен қолға алу барысында Кеңес үкіметі келесі болжамдарға сүйенген болу керек: Пантюркистік ұранды ашық және анық көтерген Түркістан республикасындағы жағдайдың басқа түрік халықтары арасында жайылып кету ықтималдығы жоғары болғандықтан алдымен оның алдын алу міндеті қойылды. Басқа ұлттық-территориалдық автономия құру жолындағы отар елдердің ұмтылысын жою кейін қолға алынған. Себебі Татарстан, Башқұртстандағы саяси бас көтеру ниеті пантюркистік деп бағаланғанымен, олардың ішкі Ресейде орналасуы Кеңес үкіметін аса қауіптендіре қоймады. Екі жылдан аса уақыт өмір сүрген Алашорда үкіметінің мақсаты «Алты алашты біріктіру» секілді асқақ идеяға бағытталмады. Алашорда үкіметі өз аймағында ұлттық-территориалдық автономия құруды ғана мақсат етті. Түркістан идеясының ауқымы континенталды, құндылығы жалпыадамзаттық, көтеретін жүгі ауқымды болды. XX ғасырда идеяның толық жүзеге асуына толып жатқан саяси тосқауылдар мен түрік жұртының дербестікке жете алмауы басты кедергі болды. Бүгінде бұл идея мәдени-рухани байланыстар негізінде қайта жандануда. «Түркістан» идеясының орнына келген «Түрік дүниесі» идеясының жүзеге асуы түбі бір түрік елдерінің ішкі мүдделілігі мен бауырластығына сәйкес деп санаймыз.

XX ғасыр басында пайда болған Түркістан республикасын құру идеясы қазақ жерінде негізі қаланған саяси-философиялық ой бағыты болғандықтан, ресми Қазақстанның «Алты алаш», «Үлкен Түркістан», «Түрік дүниесі» идеяларына үлес қосуы маңызды деп санаймыз.

Қазақ зиялыларының социалистік дүниетанымы

XX ғасыр басында Қазақстан жерінде кең таралған саяси-философиялық, әлеуметтік-экономикалық тұжырымдардың ең көлемдісі – социализм идеологиясы болғандығы белгілі. Социализм әкімшілік ресурстардың көмегімен сырттан таңылған ой жүйесі болса да, қазақ зиялыларының арасында бұл идеяны қабылдаған, қоғамда оны әрі қарай дамытқан, социализм идеясы үшін саяси майданға түскен қазақ интеллигенттерінің шоғыры ауқымды еді. Олардың қатарында белгілі жазушы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткерлері Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанбек Қожанов, Жүсіпбек Аймауытов, Сейтқали Меңдешев, Темірбек Жүргеновтерді атауға болады. Социализм идеясын қолдаушы қазақ интеллигенциясы коммунистердің ресейлік патша үкіметін құлатып, оның орнына ұлттардың теңдігі мен саны жағынан аз ұлттардың

мәдени-рухани, саяси дамуына мүмкіндіктер жасалатыны туралы уәделерге сенді және оларды өздерінің ұстанымына айналдырды. Патша заманынан жалғасқан әлеуметтік әділетсіздік, кедейлердің феодалдық қатынастардың құрбанына айналу көріністері социализм идеологиясының бірден-бір дұрыс бағыттағы көзқарастар жүйесі ретінде қабылдануына жол ашты. Шындығында, Ресей империясының отаршылдық саясаты қазақ даласына көптеген әлеуметтік-экономикалық, рухани келеңсіздіктер әкелгендігі анық. Әскери-губернаторлықтарға бөліп басқару жүйесіндегі кемшіліктер халықтың моральдық-рухани құлдырауын күшейтті. Қазақ даласында ежелден қалыптасқан қоғамдық-саяси, отбасылық институттар әлсіреп, орнына келген жаңа жүйе елде паракорлықты күшейтті, онымен бірге әділетсіздік көріністері белең алды. Кедейлердің, әлсіз топтағы адамдардың құқығының өрескел бұзылуы орын алды. Осы негізде капиталистік жүйені айыптаушы социализм идеясын қолдаған қазақ интеллигенттерінің де, қарапайым азаматтар тобының да пайда болуы заңды құбылыс. Сол себепті, Кеңес үкіметінің әлеуметтік теңдікті көтеріп, жаңа қоғам орнату бастамасы көптеген қазақ интеллигенттерінің тарапынан қолдау тапты десе болады.

Еуропадағы социалистік қозғалыстардың таралуына назар аударар болсақ, Батыстағы индустриалды революция тудырған әлеуметтік мәселелер мен теңсіздіктер социализмнің қозғаушы күшіне айналғанын білеміз. Социализм көтерген мәселелердің негізгісі – жұмысшылар мен шаруалардың құқығын қамтамасыз ету, индустриаландыру тудырған теңсіздікті жою. Сондай-ақ, социалистердің жоспарына бойынша, таптық жіктелген жұмысшы-шаруалар тобы революция жасап, билікті өз қолдарына алуы тиіс еді. Ал индустриалды революция тұжырымымен таныс емес, жұмысшылар мен шаруалар табы қалыптаспаған Орталық Азия елдері мен Қазақстанға социализм қалай енгізілді деген сауал туындайды. Орыс социалистері бұл мәселені жақсы түсінген секілді және өздерінің насихатында әлеуметтік теңсіздіктің жойылатыны, ұлттық азшылықтарды отарлық езгіден құтқарып, тәуелсіз даму мүмкіндіктері берілетіні секілді уәделерін үйіп-төкті. Бұл уәделердің заңды сипат алуы 2017 жылғы 2 қарашада Ресей халықтары құқының декларациясымен қабылданып, бекітілді. Аталған декларация көтерген мәселелер сұрағанға береген дегендей, қоғамдағы қордаланған мәселелердің дәл үстінен түскендей еді.

Социалистік құрылысты жақтаған қазақ зиялылары байлар мен кедейлерді жойып, тек орта тап қалыптастыратын социализм идеясы қоғамдық сұранысқа жауап беретін жүйе құраушы, ал әділдік, теңдік, бостандық секілді сапалық параметрлер тек социализм қағидалары іске қосылғанда ғана мүмкін деп сенді. Бірнеше жылдар өткен соң, социалистік Кеңес үкіметінің халықтар теңдігі, саны жағынан аз ұлттарды қорғау сияқты тұжырымдары өзгерістерге ұшырап, Кеңес жүйесі орнаған соң патшалық отарлау саясаты жаңаша сипат алғаны көріне бастайды. Бұл социализм идеалдарына күмәнсіз сенген қазақ зиялыларының ұлттық-коммунистік ұстанымын күшейте түскені сөзсіз. Қазақ интеллигенциясының социалистік жүйеге қызмет ете жүріп, ұлттық мәселелерді мықтап қолға алу кезеңіндегі ұстанымдарындағы өзгерістер «Алаштықтар» мен «Түркістаншылардың» ұлттық көзқарастар жүйесіне жақын тартқанын көрсетеді. Социалистік лагерь ықпалында жүрсе де, «Алаш» және «Үлкен Түркістан» идеялары арқылы ұлттық мүддені қорғау мақсатында қызмет атқарған

қазақ оқымыстыларының қомақты мәдени-рухани мұрасы, саяси ұстанымдары мен құндылықтар жүйесі еліміздің ұлттық идеологиясын дамыту ісіне әлі де қызмет жасап келе жатыр. Жаңа «совет халықтарын» қалыптастыруға бет түзеген біртұтас платформа болып есептелетін коммунистік жүйеге жаңа бағыт – национал-коммунизмді қосқан қазақ зиялыларының әлеуметтік-саяси ойын ұғыну, философиялық ойдың бір бағыты ретінде тану олардың ойлау деңгейіне көтерілуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Зерттеу барысында XX ғасыр қарсаңы мен басындағы күрделі саяси өзгерістер мен экономикалық, әлеуметтік және мәдени дағдарысқа толы тарихи жағдайлар әлеуметтік саяси-философиялық ойдың онтологиясы тұрғысында зерделенді. Алдымен патшалық, кейіннен кеңестік басқыншылық саясатқа мүлдем дайын емес қазақ даласының жағдайында ұлттық тәуелсіздікті сақтап қалу жолында күрескен саяси қозғалыстардың қызметіне, олардың саяси тұжырымдарына философиялық талдау жасауға ұмтылды. Зерттеудің кейбір тұстарында тарихи оқиғалардың уақыт ретімен берілмегенін осы негізде түсіндіреміз. Қандай да бір идеялардың абстрактылығы олардың уақытқа бағынбайтынымен ерекшеленеді. Мысалы, Түркістан автономиясы Алаш автономиясынан бұрын құрылса да, «Түркістан» идеясының «Алаш» идеясынан бірқатар ойлар, идеялар алуын, толығын жоққа шығара алмаймыз. Себебі, ойға ой қосылып, қандай да бір идеяны тудырып жатады. Сол секілді, Әлихан Бөкейханды басшы-ұстазы санаған Мұстафа Шоқай оның «Алаш» идеясын талқылау, пайымдауларымен таныс болды және сол ойдың ұшқыны Түркістан идеясына ұласуы мүмкін.

Түркістан Республикасын құру идеясы Ресей империясының отаршылық саясатына және кейін КСРО-ның күшпен билікті орталықтандыру саясатына қарсы қоятын амалдар іздестірудің нәтижесінде туындаған ойдың жемісі болды деген тұжырым жасалды. Сондай-ақ, тарихшылар Түркістан Республикасын құруға мәжбүр еткен фактілерден хронологиялық қисын іздесе, біз Түркістан Республикасының өзін біртұтас саяси идея ретінде алып, осы идеяның дамуына ықпал еткен себептерге басымдық бердік.

«Алаш» атауы идеологиялық тұжырымдама ретінде дүниеге келіп, кейін бұл идея төңірегіне топтасқандар «алаштықтар» аталды, ал бүгінде Алаш мұрасын зерттеуші ғалымдарды «алаштанушы» деп атауымыз идеяның қазақ елінің тәуелсіз мемлекет ретінде сақталғанының, еліміздің тарихында терең із қалдырғанының дәлелі.

Қорыта келгенде, «Алаш» ұлттық идеясы мен Түркістан Республикасын құру идеялары – қазақтың дәстүрлі құндылықтары мен қоғамды модернизациялау бастамаларының бірлігі. Қозғалыс жетекшілері заманауи саяси және экономикалық институттарды дамыта отырып өзінің мүддесін қорғай алатын мықты және тәуелсіз қазақ мемлекеттігін құруға ұмтылды. «Алаш» идеясы – Қазақстанның ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарып, қазақ халқының рухани, саяси және мәдени жаңғыруының негізі, ал Түркістан идеясы Қазақстан жерінде дамыған саяси-философиялық ой ретінде қазіргі заманда жаңа «түрік әлемі» идеясын ілгерілетуге біздің моральдық құқығымыз

бар екендігін еске салады. XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының саяси-философиялық ойлары Тәуелсіз Қазақстанның саяси, тарихи-мәдени дамуында әлі де сұраныс тудыратынына сенімдіміз. Аталған саяси тұжырымдар ұлттың саяси санасының дамуын, рухани жаңғыруын және тәуелсіз ұлттық мемлекет ретінде сақталуын нақты әрекеттермен дәлелдеді. Бұл мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау мен ұлт азаттығы жолындағы саяси күрес қана емес, сонымен қатар өркениетті, демократиялық қоғам құруға бағытталған саяси-философиялық тұжырымдама деп айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сыпатайұлы С. Алаш атауының шығу мәні. [Электронды ресурс]. URL: <https://abai.kz/post/47580> (қаралған күні 27.10.2024).
- 2 Қожырбайұлы М. Алаш, алты Алаш және Алшын атауы қайдан шыққан // [Электронды ресурс]. URL: <https://ult.kz/post/alah-alt-y-alash-zhane-alshyn-atauy-kaydan-shykkan> (қаралған күні 18.10.2024)
- 3 Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 880 б.
- 4 Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное) / Гл. ред.Р. Нургалиев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 498 б.
- 5 «Қазақ» газеті, 1913 жыл / Құраст.: Ғ.Өнес, Т. Замзаева. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 576 б.
- 6 Алаш. Уикипедия ашық энциклопедиясы // [Электронды ресурс]. URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88> (қаралған күні 14.10.2024).
- 7 Батырханов С., Балтабеков С.К. Алғашқы қазақ елі уставын жазған Алаш азаматы // [Электрондыресурс] URL: <https://abai.kz/post/49494> (қаралған күні 05.11.2024).
- 8 Шоқай М. (1929). Біздің жол // *Яш Түркістан*, №1.
- 9 В эмиграции: Эпистолярное наследие Мустафы Шокая. 1919-1941/Ред. Г.К. Кокебаева; составители: Г.Т. Исахан, Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай. - Алматы: Полиграфия сервис и К, 2021. – 448 с.
- 10 Алаш Орда: сборник документов / сост. Н. Мартыненко. – Алма-Ата: Айқап, 1992. – 192 с.
- 11 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995.-256 б.
- 12 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы.1-том: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер / құраст.:Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. - 392 б.
- 13 Ақмағанбет Р. Алаш демократиясы. Өркениетті қоғам құру жолында. - Алматы: Amal Books баспасы, 2022. - 296 б.
- 14 Маркс К. Капитал. Т. 1: - ООО «Издательство АСТ»; - Москва, - 2001 с.
- 15 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. - Алматы: Өлке, 2003. - 224 б.
- 16 Бөкір Ә. Мұстафа Шоқай: ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болмайды// [Электронды ресурс]. URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/mustafa-shoqay-ulttiq-ruksiz-ult-tauelsizdigibolmaydi.html>. 14 желтоқсан, 2018 (қаралған күні 06.05.2025).

Transliteration

- 1 Syptatjuly S. Alash atauynyn shygu mani [The origin of the name Alash] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://abai.kz/post/47580> (1aralgan kuni 27.10.2024).
- 2 Qozhyrbajuly M. Alash, alty Alash zhane Alshyn atauy qajdan shyqqan [Where do the names Alash, six Alash and Alshyn come from?] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://ult.kz/post/alah-alt-y-alash-zhane-alshyn-atauy-kaydan-shykkan> (qaralgan kuni 18.10.2024).

- 3 Ajbyn. Jenciklopedija [Aibyn. Encyclopedia]. / Bas red. B.O. Zhaqyp. - Almaty: «Qazaq jenciklopedijasy», 2011. – 880 b.
- 4 Bokejhan Ә. Таңдамалы (izbrannoe) [Favorites (selected)] / Gl. red. R. Nurgaliev. – Almaty: Qazaq jenciklopedijasy, 1995. 498 b.
- 5 «Qazaq» gazeti [«Kazakh» newspaper], 1913 zhyl / Qurast.: G. Anes, T. Zamzaeva. – Almaty: «Alashorda» qoramdıy qory, 2023. – 576 b.
- 6 Alash. Ujkipedija ashıyq jenciklopedijasy [Alash. Wikipedia, the free encyclopedia]. [Jelektrondy resurs] URL: <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D0%BB%D0%B0%D1%88> (qaralgan kuni 14.10.2024).
- 7 Batyrhanov S., Baltabekov S.K. Algashqy qazaq eli ustavyn zhazgan Alash azamaty [Alash citizen who wrote the first Kazakh charter] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://abai.kz/post/49494> (qaralgan kuni 05.11.2024).
- 8 Shoqaj M. Bizdiñ zhol [Our way] // *Jash Tyrkistan*, 1929. № 1.
- 9 V jemigracii: Jepistoljarnoe nasledie Mustafy Shokaja 1919-1941 [In Exile: The Epistolary Legacy of Mustafa Shokai 1919-1941]. /Red. G.K. Kokebaeva; sostaviteli: G.T. Isahan, G.K. Kokebaeva, S.K. Shildebaj. - Almaty: Poligrafija servis i K, 2021. – 448 s.
- 10 Alash Orda: sbornik dokumentov [Alash Orda: collection of documents] / sost. N. Martynenko. – Alma-Ata: Ajkap, 1992. – 192 s.
- 11 Nurpejiso K. Alashham Alashorda [In Alash and Alashorda]. – Almaty: «Atatek», 1995. - 256 b.
- 12 Dulatuly M. Altytomdyq shygarmalar zhinagy. 1-tom: Olender, roman, p’esa, angimeler [A collection of six volumes. Volume 1: Poems, a novel, a play, stories] / kырast.: G. Dulatova, S. Imanbaeva. – Almaty: Mektep, 2013. - 392 b.
- 13 Aqmaganbet R. Alash demokratijasy. Orkenietti qoram quruzholynda [Alash democracy. On the way to creating a civilized society]. - Almaty: Amal Books baspasy, 2022. -296 b.
- 14 Marks K. Kapital. T. 1 [Capital. Vol. 1]. - Moskva: - OOO «Izdatel’stvo AST»; - 2001 s.
- 15 Bokejhan A. Tandamaly [Favorites]. Almaty: Olke. 2003. – 224 b.
- 16 Bakir A. Mustafa Shoqaj: ulttyq ruhsyz ult tauelsizdigi bolmajdy [Mustafa Shokai: There can be no national independence without a national spirit.] // [Jelektrondy resurs] URL: <https://tilalemi.kz/kz/method/mustafa-shoqay-ulttyq-ruhsyz-ult-tauelsizdigi-bolmaydi.html>. 14 zheltoqsan, 2018 (qaralgan kuni 06.05.2025).

Нұрышева Г.Ж., Тайженбетова А.Б.

Национальная идея «Алаш» и основные направления политико-философской мысли казахского общества начала XX века

Аннотация. В статье рассматривается и анализируется общественно-политическое, культурно-духовное наследие представителей казахской интеллигенции в Казахстане начала XX века как одно из направлений политико-философской мысли. Изучены национально-идеологические работы, сформированные казахской интеллигенцией для модернизации общественного сознания. Так, слово «Алаш» рассматривается как не только имя собственное, данное политическому движению, но и сделаны попытки к раскрытию его философского значения, глубинного содержания. Точно так же инициативы и процессы реализации Республики Туркестан в прошлом веке были сформулированы с точки зрения результатов мысли казахской интеллигенции, обращено внимание на развитие и эволюцию политико-философской мысли интеллигенции. Также анализируются взгляды казахской интеллигенции, принявшей идеологию социализма, и историческая роль социалистического мировоззрения. Подчеркивается роль видных

представителей казахской интеллигенции как генераторов идей, анализируются их мысли и деятельность. В то же время развитие ряда политико-философских направлений в прошлом веке демонстрирует черты политического плюрализма в казахском обществе. При изучении темы выяснилось, что общественно-политические процессы начала XX века представляли собой не только борьбу противоборствующих сил и групп, но и противостояние систем целенаправленных взглядов и идей. Изучение тенденции развития политической и философской мысли в Казахстане начала XX века осуществлено во взаимосвязи с общественно-политической мыслью независимого Казахстана.

Ключевые слова: Алаш, национальная идея, Туркестанская Республика, политико-философская мысль, казахская интеллигенция, социализм, общественно-политические процессы, политические системы.

Nurysheva G.Zh, Taizhenbetova A.B.

National Idea «Alash» and Main Directions of Political and Philosophical Thought in Kazakh Society at the Beginning of the XX Century

Abstract. The article examines and analyzes the socio-political, cultural, and spiritual legacy of the Kazakh intelligentsia in early 20th-century Kazakhstan as one of the directions of political and philosophical thought. It explores the national and ideological works developed by the Kazakh intelligentsia aimed at modernizing public consciousness. In this context, the word "Alash" is considered not only as a proper name given to a political movement but also as an attempt to reveal its philosophical meaning and deeper content. Similarly, the initiatives and implementation processes of the Turkestan Republic in the last century are interpreted through the lens of the intellectual efforts of the Kazakh intelligentsia, with attention paid to the development and evolution of their political and philosophical thinking. The article also analyzes the views of Kazakh intellectuals who embraced socialist ideology, as well as the historical role of the socialist worldview. The role of prominent figures of the Kazakh intelligentsia as generators of ideas is emphasized, and their thoughts and activities are examined. At the same time, the development of several political and philosophical trends in the past century demonstrates features of political pluralism in Kazakh society. The study reveals that the socio-political processes of the early 20th century represented not only a struggle between opposing forces and groups but also a confrontation of coherent systems of views and ideas. The analysis of the development trends of political and philosophical thought in early 20th-century Kazakhstan is carried out in connection with the socio-political thought of independent Kazakhstan.

Key words: Alash, national idea, Turkestan Republic, political and philosophical thought, Kazakh intelligentsia, socialism, socio-political processes, political systems.

Келін түсті 09.04.2025

Қабылданды 01.06.2025